


ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ПРАКТИКАНЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Информатика мамандығы
3 КУРС

Информатика кафедрасы

Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ



Кәсіби практиканы өткізу КЕЛІСІМ-ШАРТЫ

LOGO

2.3.Кәсіпорынның міндеті:

- 1) Студентке жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасы ету және қажетті жағдайда білім алушының еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;
- 2) Тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде иеленген мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру гранты негізінде оқыған түлектің кандидатурасын қарастыру;
- 3) Университетке академиялық күнтізбеге сәйкес Студенттің кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;
- 4) Осы шарттың ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтардың кәсіптік практикаға жіберу бойынша Студентті қабылдау;
- 5) Практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және Студенттің мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда Студентті пайдалануға жол бермеу;
- 6) Бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) Студенттің кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;
- 7) Студенттің еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;
- 8) Студенттің кәсіптік практиканың бағдарламасын толық игеру және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітап-хананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы Студенттің кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарда қажетті жағдай жасау;
- 9) Кәсіптік практика аяқталған соң Студенттің жұмысы туралы мінездеме беру және практикадан өту сапасын бағалау.

Кәсіби практиканы өткізу КЕЛІСІМ-ШАРТЫ

LOGO

Кәсіпорын құқылы:

- 1) Жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;
- 2) Кәсіпорынның қажеттеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;
- 3) Студенттердің қорытынды аттестаттауына қатысу;
- 4) Студенттердің ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыру;
- 5) Университеттен жұмыс берушілердің болжалдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап ету құқылы.

Кәсіби практиканы өткізу КЕЛІСІМ-ШАРТЫ

LOGO

2.5. Студенттің міндеті:

- 1) Кәсіптік практика базасында кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техника ережелерін және өндірістік тәртіптемесін сақтау;
- 2) Кәсіпорынның жабдықтарына, аспаптарына, құжаттарына және басқа мүлкіне ұқыпты қарау;
- 3) Практика бағдарламасының талаптарын қатаң сақтау және орындау;
- 4) Практикадан өту үшін белгіленген уақытта кәсіпорынның қарауына келу;
- 5) Практикадан өту барысында және аяқтаған соң кәсіпорын туралы құпия ақпаратты жария етпеу

Кәсіби практиканы өткізу КЕЛІСІМ-ШАРТЫ

LOGO

2.6. Студент құқылы:

- 1) Кәсіпорында бекітілген тәлімгердің келісімі бойынша қажетті құралдарды, жабдықтарды, аспаптарды және басқа өндірістік материалдарды пайдалану, кітапхана және оқу залдары базасында оқуға оқу-әдістемелік әдебиеттер қорына, зертханалық базасына, оқыту мақсатында компьютерлік және басқа техниканы пайдалануға қол жеткізуі мен пайдалануына;
- 2) Кәсіптік практиканы өту барысында денсаулыққа зақым келген зиянның өтеуіне;
- 3) Кәсіптік даярлығын аяқтаған соң және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен соң иеленген мамандық бойынша бос орынның болуы кезінде кәсіпорында жұмысты жалғастыруға құқылы.

Практика міндеттері

LOGO

1

Біртұтас педагогикалық үдерісті мұғалім қызметінің нысаны екендігін сезіну

2

Мұғалім мен оқушының өзара байланысын өзін-өзі дамытатын оқушы тұлғасын қалыптастыруда педагогтің басшылық рөлін сезіну

3

Тұлғаға бағдарланған білім беру. Қазіргі заманғы білім беру технологияларын меңгеру

4

Біртұтас педагогикалық үдерісте пән мұғалімімен сынып жетекшісінің білімдік, тәрбиелік, дамытушылық функцияларын жүзеге асыру

5

Таңдап алған проблемасына сәйкес психологиялық-педагогикалық зерттеуді жүзеге асыру

Мекемелер:

LOGO


40 мектеп: Әлиева А.О.
6 мектеп: Курманғалиев Е.К.

51 мектеп:
Жұмағұлова А.А.,

21 мектеп:
Кулмағамбетова Ж.К.

39 мектеп
Байганова А.М.

30 мектеп
Убаева Ж.К.



СТУДЕНТ- ПРАКТИКАНТ ПОРТФОЛИОСЫ ҚҰРЫЛЫМЫ

(3 курс)

I. Практикаға дайындық жөніндегі мәліметтер бөлімі

1.1. Титульдық беті

1.2. Студенттің жеке жоспары

II. Ақпараттық бөлім

2.1. Мектеп туралы

2.2. Класс туралы

2.3. Сабақтар кестесі

2.4. Класс жетекшісінің, пән мұғалімінің жұмыс жоспарлары

III. Әдістемелік бөлім

3.1. Жоспар-конспектілер(2)

IV. Психологиялық-педагогикалық бөлім

4.1. Класс ұжымына мінездеме

4.2. Психологиялық зерттеу мен түзету

V. Рефлексиялық-бағалау бөлімі

5.1. Студент- практикант күнделігі

5.2. Практика бойынша есеп

VI. Бағалау қорытындылау бөлімі

6.1. Студентке берілген мінездеме

6.2. Практиканың қорытынды бағасы

Студент- практиканттың міндеті: 060

- ❖ Студент педагогикалық практикадан кейін факультетте (кафедра әдіскерлерінің ұйымдастыруымен) өткізілетін қорытынды конференцияға қатысады.
- ❖ Конференцияға дейін студент-практикант кафедра әдіскерлеріне педагогикалық практика туралы құжаттарын тапсырып, есеп береді.
- ❖ Студенттің педагогикалық практика туралы есебінің нәтижесіне сәйкес қорытынды баға қойылады.

Шешім:

LOGO

1

Студент-практиканттарды педагогикалық практикаға қажетті іс қағаздарының үлгілері, құжаттары және бағдарламсымен қамтамасыз ету, педагогикалық практика барысында бекітілген студенттерді бақылау және кластан тыс шараларын өткізуге әдіскерлер тарапынан әдістемелік көмек көрсетілісін.

2

Студент-практиканттарға практика аяқталғаннан кейін есеп құжаттарын 6 күн аралығында тапсыру міндеттелсін



Назарларыңызға рахмет!

Информатика кафедрасы